

Анықтама

2025 жылдың 5 қарашасы күні 41 мектеп-лицейінде «Қамқорлық – жүректен!» ұранымен өткен "Бір апельсин, бір алма – тарту ет!" атты қайырымдылық акциясы аясында оқушылар арасында жомарттық пен мейірімділікке баулу мақсатында жеміс тарту шарасы ұйымдастырылды.

Акция барысында әр оқушы бір дана алма немесе апельсин әкеліп, арнайы қамқорлық қоржынына салды. Жиналған жемістер **№15 ақыл ойы бұзылған балаларға арналған облыстық арнаулы мектеп интернат** оқушыларына тарту етілді.

Шараға 41 мектеп-лицейінің Мектеп парламенті мүшелері белсенді қатысып, оқушылармен бірге барып, танысу мақсатында тренинг ойындарын өткізіп, көңілді би ұйымдастырып, балалармен достық қарым-қатынаста уақыт өткізді. Шара соңында әр балаға бір апельсин мен бір алма сыйға тартылды.

Мектеп оқушылары мен ұстаздары тарапынан жылы қабылдау мен ризашылық білдірілді. Шара өз мақсатына сай жоғары деңгейде өтті.

1. Шараның тәрбиелік маңызы туралы:



- Бұл акция арқылы оқушылар қамқорлық, жанашырлық, мейірімділік сияқты адами құндылықтарды сезініп, өз қолымен қуаныш сыйлаудың маңызын ұғынды.
- Шара оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, волонтерлік бастамаларды қолдауға жол ашты.

2. Ынтымақтастық жайлы:

- Шара барысында екі мектеп арасындағы достық байланыс пен әріптестік нығая түсті.
- Мұндай кездесулер оқушылардың жаңа ортада ашылуына, қарым-қатынас орнатуына ықпал етеді.

3. Болашақ жоспарға ұсыныс ретінде:

- Алдағы уақытта осындай акцияларды дәстүрлі түрде жалғастырып, басқа да білім беру ұйымдарымен серіктестікті дамыту ұсынылады.
- Сонымен қатар, оқушылардың өздері ұсынған идеялар мен бастамаларды қолдау арқылы қоғамдық белсенділігін арттыру қажет.



Instagram:

https://www.instagram.com/reel/DROWy6cCBBk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Әлеуметтік педагог

Ақнияз Г.А.